

«Аманат» жеке балабақшасында 2023–2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың талдау анықтамасы

2023–2024 оқу жылында балабақшада ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жоспардың негізгі мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыру және ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығын көтеру болды.

Балабақшада 3 топта 41 тәрбиеленуші тәрбиеленді.

- * «Балапан» ортаңғы тобы;
- * «Жалын» ересек тобы;
- * «Болашақ» мектепалды даярлық тобы.

2023–2024 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс бойынша мониторинг қорытындысы

Тәрбиеленушілер саны – 41

Ата-аналар жиналысына қатысуы - 75%/92%

Кеңестерге қатысуы - 68%/89%

Ортақ іс-шараларға қатысуы - 70% /91%

Өткізілген жұмыстар:

- * 4 ата-аналар жиналысы;
- * 5 кеңес;
- * 2 сауалнама;
- * 2 көрме;
- * 4 мерекелік іс-шара;
- * 2 спорттық сайыс;
- * 1 дөңгелек үстел.

Жыл бойына ата-аналар жиналыстары, кеңестер, сауалнамалар, психологиялық қолдау жұмыстары, шығармашылық көрмелер және мерекелік іс-шаралар өткізілді.

-Қыркүйек айында «Баланың әлеуметтік паспорты» сауалнамасы жүргізіліп, тәрбиеленушілердің отбасы жағдайы мен жеке ерекшеліктері зерттелді. Сонымен қатар «Балабақша мен отбасы – бірлік мекені» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқу жылының мақсат-міндеттері таныстырылды.

-Қазан айында «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес беріліп, ата-аналарға баланың жаңа ортаға тез үйренуіне көмектесу жолдары түсіндірілді. Ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналар балалардың күн тәртібі мен оқу қызметтеріне қатысты.

-Қараша айында «Балаға дұрыс қолдау көрсету жолдары» атты психологиялық кеңес өткізіліп, бала тәрбиесіндегі қолдау көрсету әдістері қарастырылды. «Менің отбасым – менің байлығым» отбасылық сайысы ұйымдастырылып, ата-аналар мен балалар белсенді қатысты.

-Желтоқсан айында «Тәуелсіз елім – мақтанышым» ертеңгілігі және Жана жыл мерекесі өткізілді. Ата-аналар мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып, балалардың шығармашылық қабілеттерін қолдады.

-Қаңтар айында «Баламен тиімді қарым-қатынас» тақырыбында кеңес беріліп, ата-аналар жиналысында бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

-Ақпан айында «Өнерлі отбасы» шығармашылық көрмесі ұйымдастырылып, ата-аналар мен балалардың бірлескен жұмыстары ұсынылды. «Баланың мінез-құлқын түзету жолдары» тақырыбында психологиялық кеңес өткізілді.

-Наурыз айында «Ана – өмір шуағы» мерекелік кеші және ұлттық ойындар сайысы өткізілді. Іс-шаралар барысында ұлттық құндылықтар насихатталды.

-Сәуір айында «Баланың қауіпсіздігі – басты міндет» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар аумақты көгалдандыру және абаттандыру мақсатында сенбілік өткізілді.

-Мамыр айында қорытынды ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасалды. «Қош бол, балабақша!» мерекесінде мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері мектепке шығарып салынды.

Нәтижесінде ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артты. Бірлескен іс-шаралар арқылы ата-аналар мен педагогтер арасындағы ынтымақтастық нығайып, балалардың тәрбиесі мен дамуына оң әсерін тигізді.

Кемшіліктер:

- * Кейбір ата-аналардың іс-шараларға қатысу белсенділігі төмен болды;
- * Отбасылық жобаларға қатысу көрсеткіші барлық топтарда бірдей болмады.

Ұсыныстар:

- * Ата-аналарға арналған тренингтер санын көбейту;
- * Онлайн байланыс түрлерін жетілдіру;
- * Отбасылық шығармашылық жобаларды көбейту.

Қорытынды:

Жоспарланған жұмыстар толық орындалып, қойылған міндеттер жүзеге асырылды. Нәтижесінде, ата-аналардың балабақша қызметіне қызығушылығы артып, тәрбие жұмысына белсенді қатысу деңгейі жоғарылады.

**«Аманат» жеке балабақшасының
2024–2025 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың
орындалуы туралы есебі**

Балабақшада 2024–2025 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау болды.

Балабақшада 3 топта 41 тәрбиеленуші тәрбиеленді:

- * «Балапан» ортаңғы тобы;
- * «Жалын» ересек тобы;
- * «Болашақ» мектепалды даярлық тобы.

*2024–2025 оқу жылы бойынша ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың
мониторинг қорытындысы*

Тәрбиеленушілер саны: 41

Ата-аналар саны: 41 отбасы

Мониторинг нәтижесі:

Ата-аналар жиналысына қатысуы - 78%/96%

Балабақша іс-шараларына қатысуы - 72%/94%

Кеңестерге қатысуы - 70%/92%

Бірлескен көрмелерге қатысуы - 65%/90%

Балабақша жұмысына қанағаттануы - 82%/98%

Жыл бойында:

- * 4 ата-аналар жиналысы;
- * 6 кеңес;
- * 2 психологиялық тренинг;
- * 3 көрме;
- * 4 мерекелік іс-шара;
- * 2 спорттық сайыс;
- * 1 сауалнама;
- * 1 дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Нәтижесінде:

- * ата-аналардың педагогикалық мәдениеті артты;
- * балалардың тәрбиесіне жауапкершілігі күшейді;
- * балабақша мен отбасы арасындағы серіктестік нығайды;
- * тәрбиеленушілердің әлеуметтік бейімделуі жақсарды.

-Қыркүйек айында ата-аналар арасында «Отбасы және бала тәрбиесі» сауалнамасы жүргізіліп, ата-аналардың сұраныстары мен ұсыныстары анықталды. Жалпы ата-аналар жиналысында оқу жылының мақсат-міндеттері таныстырылып, ата-аналар комитетінің құрамы бекітілді.

-Қазан айында «Баланың сөйлеу тілін дамыту жолдары» тақырыбында кеңес ұйымдастырылды. Ата-аналарға үй жағдайында баланың тілін дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар берілді. Сонымен қатар «Әке, ана және мен – спорттық отбасы» атты спорттық сайыс өткізіліп, отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салты насихатталды.

-Қараша айында педагог-психолог «Баланың эмоциясын түсіну» тақырыбында психологиялық кеңес өткізіп, ата-аналарға баланың эмоционалдық жағдайын бақылау және қолдау тәсілдері түсіндірілді. «Шебер отбасы» қолөнер көрмесіне ата-аналар мен балалар белсенді қатысып, шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

-Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – тұғырым» мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды. Жаңа жыл мерекесі жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналар балалармен бірге мерекелік бағдарламаға қатысты.

-Қаңтар айында «Баланың кітап оқуға қызығушылығын арттыру» тақырыбында кеңес ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында балалардың қауіпсіздігі мәселелері қаралып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

-Ақпан айында «Қыңырлық пен еркелікті қалай жеңеміз?» тақырыбында психологиялық кеңес өткізілді. «Менің сүйікті отбасым» фотокөрмесі ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер өз отбасылары туралы мағлұмат берді.

-Наурыз айында «Аналарға мың алғыс» мерекелік кеші өткізіліп, аналар мен әжелерге құрмет көрсетілді. Ұлттық тағамдар фестивалі ұйымдастырылып, ата-аналар қазақ халқының ұлттық тағамдарын таныстырды.

-Сәуір айында «Баланың интернет қауіпсіздігі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, ата-аналарға интернеттегі қауіпсіздік шаралары түсіндірілді. Сонымен қатар «Таза аула» экологиялық акциясы ұйымдастырылып, ата-аналар балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарына қатысты.

-Мамыр айында қорытынды ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстар сараланды. «Қош бол, балабақша!» мерекесінде мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері мектепке шығарып салынды.

Жыл бойы ата-аналармен жоспарланған жұмыстар толық көлемде жүзеге асырылды. Ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артты, балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты ынтымақтастық нығайды. Ата-аналар тарапынан өткізілген іс-шараларға оң пікірлер мен ұсыныстар берілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- * Ата-аналардың балабақша жұмысына қатысу белсенділігі артты;
- * Балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты ата-аналардың жауапкершілігі күшейді;
- * Балабақша мен отбасы арасындағы өзара байланыс нығайды;
- * Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығы артты;
- * Бірлескен іс-шараларға қатысу деңгейі жоғарылады.

Кемшіліктер:

- * Кейбір ата-аналардың іс-шараларға тұрақты қатысуы төмен болды;
- * Кеңестер мен жиналыстарға қатысу көрсеткіші барлық топтарда бірдей болмады.

Ұсыныстар:

- * Онлайн кеңестер ұйымдастыру;
- * Ата-аналарды ынталандыру жұмыстарын күшейту;
- * Отбасылық жобалар санын көбейту.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балабақша мен отбасы арасындағы серіктестік байланыс күшейді. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шаралар өз мақсатына жетіп, жоспар толық орындалды.